

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Григорьевка ауылдық округі Григорьевка ауылының көшелеріне атау беру туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Григорьевка ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 26 қыркүйектегі N 9 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 2 қарашада N 1925 тіркелді.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "селосы", "селолық", "селосының" сөздері "ауылы", "ауылдық", "ауылының" сөздерімен ауыстырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Григорьевка ауылдық округі әкімінің 20.08.2018 № 26 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына сәйкес, Григорьевка ауылы тұрғындардың пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Григорьевка ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Григорьевка ауылдық округі Григорьевка ауылының көшелеріне атау берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі

Қ. Сәменов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Аққайың ауданының мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

О. Плищенко

2012 жыл 26 қыркүйек

"КЕЛІСІЛДІ"

"Аққайың ауданының құрылыс бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

А. Шабаяев

2012 жыл 26 қыркүйек

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы
Григорьевка ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы
26 қыркүйектегі № 9 шешіміне қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы Григорьевка ауылдық округі Григорьевка ауылының көшелерінің атауы

- 1) № 1 көше - Степная;
- 2) № 2 көше - Қазақстан;
- 3) № 3 көше - Гагарина;
- 4) № 4 көше - Северная;

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК